

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты*

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ, ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІНІҢ БІРІ

*В данной статье автором представлено дистанционное обучение как один из эффективных способов в эпоху современных информационных технологий.*

*The present article is dealing with the service theory of the information telecommunication system.*

Бірнеше жылдар бойы сабақтарға және лекцияларға қатысу, емтихан қабылдау және бағалау жүйесі дәстүрлі білім формасы болып саналған. Бірақта соңғы 10–15 жылдар бойы технологияның дамуына байланысты дәстүрлі білім формасымен қатар қашықтықтан оқыту дамып келе жатыр.

Қашықтықтан оқыту ұғымы бұрыннан таныс. ХІХ ғ. ортасында сол замандағы ақпаратты тасымалдау, яғни пошталық қызметті АҚШ және Еуропада қандай да себептерге байланысты сабаққа қатыспаған оқушыларға қашықтықтан оқытуды талап еткен. Коммуникациялық технологияның — 1920 жылы радионың және 1940 жылы теледидардың дамуына байланысты — оқытудың жаңа формасы кең масштабта пайдалануға басталды, ал сұраныс білімнің интернационализациялануына және глобальдау процесінің басталуына байланысты ХХ ғ. 60 жылдарында пайда болды. Бірақта қашықтықтан оқытуға сұраныс 80 жылдары Интернет желісінің пайда болуынан бастап көбейе түсті. Виртуалды өмірде біз қатынасамыз, ақпарат қабылдаймыз және сатып алуларды жасаймыз.

Қазіргі кезде жаңа технологиялар қолайлы және арзан болып келеді. Интернет арқылы қашықтықтан оқыту барлық әлемде дәстүрлі білім бөлігі болып саналады. Қазіргі кезде Америка, Азия және Еуропа дамыған елдерінде танымал. Алайда ХХІ ғ. қашықтықтан оқыту бүкіл әлемді жаулап алады.

Сонымен Интернет арқылы қашықтықтан оқыту дегеніміз не? Жалпы айтқанда, қашықтықтан оқыту – коммуникативтік технологияның базасы негізінде оқыту, бұл жеке жоспар бойынша және бекітілген жеке оқытушының бақылауымен жүзеге асырылады.

Жалпы аудиторияға арналған бағдарламаларға үйреніп, белгілі бір салада өзінің қызығушылық ортасын кеңейтуге болады. Сонымен қатар, оқушаларға курсты аяқтап жоғары оқу орнының тиісті дипломын, академиялық дәрежесін немесе сертификат алуға жағдай жасайтын бағдарламалар таратылуда. Интернет, электрондық пошта, баспасөз ма-

териалдарын жіберу, CD-ROM, телефон және Интернет арқылы өтілетін конференциялар, виртуалды бөлмелермен кітапханалар, факсималды байланыс және ішкі байланыстың белгіленген уақыты: бұның бәрі - қашықтықтан оқыту элементері болып саналады.

Дауыссыз, бүгінгі күні сапалы жоғары білімді алу қазіргі кезде өте маңызды. Әлемдегі оқу орындарының көп болуына қарамастан білім беру қызметтері рыногындағы сұраным әдеттегідей сұраныстан асады. Жыл сайын әрбір талапкерлердің үшіншісі жоғары оқу орнына конкурстан өтеді. Қашықтықтан оқыту білім алғысы келетіндерге, біліктілігін көтерушілерге, қайта даярлаудан өткісі келетіндерге және жұмыс тапқысы келетіндерге тең мүмкіндіктер береді. Осы жүйе адамның негізгі қызметімен қатар жоғары білім алуға мүмкіндік береді, азаматтардың шетелде оқуға, халықаралық білім беру қоғамдастықпен танылған ғылыми дәрежелерін алуға мүмкіндіктерің кеңейтеді. Қашықтықтан оқыту жоғары оқу орнын таңдауда келешегі зор. Мәртебелі оқу орнында қашықтықтан оқыту түрінде білім алған адам ба, әлде белгісіз жергілікті жоғары оқу орнының күндізгі оқу бөлімін аяқтаған түлек пе еңбек рыногында жоғары бағаланады, өздерің шешіндер.

Қашықтықтан оқыту бағдарламасын ұсынатын оқу орындарын үш категорияға бөлуге болады:

❖ *"Натуралды" қашықтықтан оқыту университеттері*

Мысалы, АҚШ-та, бакалавр және магистр дәрежесін алуға оқыту бағдарламаларын ұсынатын оқу орындары онша көп емес. Әйгілі оқу орындарының қажетті аккредитациясы бар. Сонымен бірге аккредитацияланбаған бағдарламалар бар, сондықтан бізді нақты қызықтыратын бағдарламаның қандай аккредитациясы бар екенін білу қажет. Мысал ретінде, біз Павлодар қаласының мынадай жоғары оқу орындарын келтіреміз: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Инновациялық Еуразиялық университеті. Осы университеттер сырттай оқыту бөлімінде «Ақпараттық жүйе», «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамсыздандыру», «Педагогика және психология», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Заңтану», «Психология», «Экономика», «Есепке алу және аудит», «Қаржы» мамандықтар бойынша қашықтықтан оқыту білім беру қызметін жүзеге асырады.

❖ *Корпоративтік тренингтер және/ немесе біліктілікті арттыру курстарының провайдерлері*

Бұл ұйымдар сертификат берілетін тренингтер мен бағдарламаларды және қандай да бір кәсіби дағдыларды дамытатын өзге білім беру бағдарламаларын жүргізеді. Бұл клиенттердің жеке талаптарына сәйкес қалыптасатын аккредитацияланбаған бағдарламалар. Сонымен, мұндай оқу орындары сапасы жағынан ерекшелінетін бағдарламаларды ұсынады.

❖ *Онлайн оқытуды ұсынатын дәстүрлі университеттер*

Соңғы уақытта дәстүрлі университеттер мен колледждердің көбі онлайн режимде өзінің бағдарламаларын ұсынатын болды, сонымен бірге ұсынылатын оқыту бағдарламаларының тізімін көбейтуде. Өкінішке орай, кейбір дәстүрлі университеттермен колледждер өз бағдарламаларының толық және тұтас онлайн нұсқаларын ұсынады.

Әрине, оқытудың талап етушілік деңгейі және коммуникациялық технологиялар білімді алу мүмкіндіктері жеке алынған елдің экономикалық дамуына байланысты тербелестіріп тұрады. Сөзсіз, Жапониямен Қазақстанды салыстыруға болмайды. Себебі Жапонияда халықтың компьютерлік сауаттылығы 80% дейін жетеді, ал Қазақстанда Интернет желісіне халықтың біраз бөлігі ғана қол жеткізе алады. Бірақ, соған қарамастан, Қазақстанда қашықтықтан оқыту әр жыл сайын кең таралуда. Осы білім жүйесінің де кемшіліктері мен артықшылықтары бар.

❖ *Артықшылықтары*

Оқуға қол жетерлік. Қашықтықтан оқыту қандай да бір объективтік себептерге байланысты дәстүрлі оқыту формасын қолдана алмайтын адамдар тобына арналған. Осындай топқа, мысалы, денсаулығы жағынан шектелген адамдар, жұмыспен оқытуды біріктіретін немесе Қазақстанның регионнда халықаралық немесе астаналық оқыту орындарымен салыстырарлық оқу орындарының жетіспеушілігі. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту формасын Қазақстанның әйгілі жоғары оқу орындарында оқығысы келетін, бірақ қажетті қаражаты мен уақыты жеткіліксіз адамдар қолдана алады.

Оқыту формасы. Коммуникалды технологияны оқыту базасының негізгі артықшылығы: конкуррсыз оқуға түсуі; оқудың екпіні мен уақытын өздігінен ұйымдастыруы; оқытудың бекітілген уақытының жоқтығы; үйде және кез келген жерде Интернетке қосылған компьютерді қолдану мүмкіндігі; әлемдік ресурстарға, виртуалды кітапханаға және мәліметтер базасына қол жетімділігі. Жыл бойы қашықтықтан оқытуға оқушыларды қабылдау өткізіледі. Сонымен қатар, дербес оқытушы-куратордың арқасында оқу материалын сапалы түрде қабылдауға рұқсат етіп жатады, ал арнайы форумдарда басқа студенттермен кейбір тақырыптар мен ойларды бірге талқылауға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, бастапқы көзқарас бойынша оқушының бөлектенгендігі осы оқу формасында өзекті еместігі дәлел.

Оқу құны. Қашықтықтан білім берудің әйгілігі, технолологияның дамуымен қатар күндізгі оқу құнының өсуімен байланысты. Интернет оқытудың білім құны әлде қайда төмен, сонымен қатар, ол мамандыққа, оқыту бағдарламалар формасына және оқыту мекемелер түрлеріне тәуелді түрлендіріліп жатыр. Осыдан басқа, әр түрлі білім алатын гранттар мен стипендиялық бағдарламалар бар, олар тегін немесе жарым-жарты қаржыландыру бойынша қашықтықтан оқытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл жағдайда басқа да шет елдеріне ұшақпен жету, яғни сонда өмір сүруге, көректенуге, дәрігерлік сақтандыруға шығындардың жоқтығы.

Психологиялық кедергілер. Қашықтықтан оқыту формасы психологиялық кедергілерді айнылып кетуге көмектеседі, олар адамның коммуникативтік ерекшеліктерімен байланысты сондай-ақ қыстаналдық көпшілік арасында шығып сөйлеу және т.б.

❖ *Кемшіліктері*

Интернет желісіне қол жетімділігі және компьютерлік білім. Қазіргі кездегі Қазақстанның нақаталығы осындай, халықтың көпшілігі қаржылы және басқа да себептерге байланысты қазіргі замандағы коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері жоқ. Қазақстанның техникалық жабдықтануы әлемнің әйгілі елдеріне жол беруде. Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуға қол жеткізу үшін компьютерлік технологиялар және бағдарламалар жөнінде білімдері толық болуы қажет.

Мотивация. Қашықтықтан оқыту білімін табысты алуға адамның жеке мінезі соңғы фактор бола бермейді. Құпия емес, дәстүрлі күндізгі оқу формасында күнделекті бақылаудың жоқтығына қарамастан айқын мотивациясы болуы қажет. Сөзсіз, қашықтықтан оқыту формасында тірі пікір талас, тжірибемен алмасуы, топтың психологиялық көмегі және сайыстыру кезеңдері жоғалған. Сондықтан, дәл осындай оқыту формасы өздігінен ұйымдастыру қабілетімен тәрбиелігі жоқ адамдарға кем деңгейде қатысты.

Техникалық мамандықтар. Қашықтықтан оқыту формасы фундаменталды ғылым, гуманитарлық мамандықтармен технологиялар білімдері салаларына үлкен дәрежеде қатысты. Техникалық мамандықтар, гуманитарлық мамандықтармен салыстырғанда осындай оқыту формасында аз сұраныста, себебі, техникалық мамандықтарды меңгергенде көп практикалық және лабораториялық жұмыстарын орындалуын талап етеді.

Бұл кемшіліктер уақытша, себебі Қазақстанда 13.10.2006 жылдың №995 бекітілген 2007 – 2009 жылдарға арналған ақпараттық теңсіздіктерді төмендету бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарлама Қазақстан республикасының президентінің 10.11.2004 жылдың № 1471 «Қазақстан республикасында 2005 – 2007 жылдарына арналған «электронды өкімет мемлекеттік бағдарламасын» қалыптастыруға жасалған. Бағдарлама ақпараттық теңсіздікті төмендетуге байланысты халықтың әр деңгейдегі компьютерлік сауаттылығын және қазіргі ақпаратты-коммуникационды технологиялардың мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған.

2008 ж. ағында «Ашық әлем» бағдарламасы ашылды. Бұл 50 000 теңге Қазақстан республикасының кез келген аймағында кез келген казпошта бөлімдері арқылы несиеге жаңа персоналды компьютерлер алуға мүмкіндік береді. Сатып алушыға 3 жыл кепілдік беріліп, Интернет желісінде 10-сағаттық тегін жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Қазіргі коммуникалды технологияларды қаржы және басқа да себептермен қолдана алмаушыларға бұл бағдарлама халыққа Интернет желісіне шығуға және оның мүмкіндіктерін қолдануға, соның ішінде қашықтықтан оқытуға қолдануға мүмкіндік алады.

Интернет арқылы қашықтықтан оқыту тек ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар болашақта дәстүрлі және өзекті мәселе болмақ. Білім сферасындағы Американың зерттеу ассоциациясының пікірі бойынша 2010 жылда әлем студенттерінің үштен екі бөлігі қашықтықтан оқуды меңгереді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қашықтықтан оқыту теориясы мен практикасы/Баспасөз Е.С. Полат – М., 2004.
2. Интернет - педагогикалық әшекелеу мәселесінің білім жүйесі/Баспасөз М.В. Моисеевой - М., 2004.
3. Қашықтықтан оқудың педагогикалық технологиялары/Баспасөз Е.С. Полат – М., 2005.
4. <http://www.dictionary.fio.ru>.
5. Ғылыми еңбектерінің жинағы «Актуальные проблемы гуманитарных, социальных и экономических наук»./Академик Н.Г.Хохловтың жалпы баспасөз, -М.:МГИУ, 2002, 395 бет.; Хохлов Н.Г., Бочков В.Е., Демин Ю.Н. «Интергалды білім жүйесіндегі қашықтықтан үздіксіз кәсіби оқыту»; Демин Ю.Н., Бочков В.Е. «О развитии дистанционного образования в Московском государственном индустриальном университете в период с 1997 по 2002 г.г. и о ходе реформирования Системы дистанционного образования МГИУ». «Ресей газеті» № 4 (3118) 14.01.2003 ж.
6. Хохлов Н.Г., Бочков В.Е., Демин Ю.Н. «Интергалды білім жүйесіндегі қашықтықтан үздіксіз кәсіби оқыту»./ Ғылыми еңбектерінің жинағында «Актуальные проблемы гуманитарных, социальных и экономических наук./ Академик Н.Г.Хохловтың жалпы баспасөз, -М.:МГИУ, 2002.
7. Воронина Т.П., Кашицин В.П., Молчанова О.П. Жаңа ақпараттық технологияларын білім заманында. // М.: Информатика, 1995.